

Банк конгломератымен ерекше қатынаста болатын тұлғалардың тізбесін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 13 ақпандығы № 37 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылды 19 наурызда № 7474 тіркелді

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.10.2016 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **қаулы етеді**:

1. Банк конгломератымен ерекше қатынаста болатын тұлғалар болып:

1) банк конгломераты бас ұйымының лауазымды адамы, басшы қызметкері, бірінші басшысы және бас бухгалтері, сондай-ақ олардың жұбайы (зайыбы) және жақын туыстары;

2) банк конгломераты бас ұйымының ірі қатысушысы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға не банк конгломераты бас ұйымының ірі қатысушысының лауазымды адамы, сондай-ақ олардың жұбайы (зайыбы) және жақын туыстары;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдары ірі қатысушылары не лауазымды адамдары;

4) банк конгломератының бас ұйымы ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлға, осы заңды тұлғаның лауазымды адамдары, олардың жұбайы мен зайыбы және жақын туыстары;

5) банк конгломератының қатысушылары;

6) банк конгломераты қатысушыларының үлестес тұлғалары танылатыны белгіленсін.

Банк конгломератының бас ұйымының акционері болып табылатын ұлттық басқаруши холдинг және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы осындай ұлттық басқаруши холдингке тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ банктің тәуелсіз директор болып табылатын лауазымды адамы басқару органдарында тәуелсіз директор болып табылатын заңды тұлғалар, екінші деңгейдегі банктардің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйым және акционері уәкілдегі орган болып табылатын сауда-саттықты ұйымдастырушы, егер банктің лауазымды адамы осы ұйымдарда лауазымды адам болып табылған жағдайда, банк конгломератымен ерекше қатынаста болатын тұлғалар болып танылмайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.10.2016 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Г. Марченко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК